



Published on Информационно-Аналитический центр (<http://iac.kz>)

[Home](#) > Ресейде мектептердің 21%-ы және балабақшалардың 16%-ы инклюзивті білім беруді қамтамасыз етеді

[Учительская газета, 29.06.2017](#) [1]



Білім және ғылым министрі Ольга Васильеваның мәлімдемесіне сәйкес, бүгін РФ-та мектептердің 21%-ы және балабақшалардың 16%-ы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беру үшін жағдай жасауға мүмкіндіктері бар. Биыл осы мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар ерекше білім беру қажеттіліктерімен балалардың қатарластарымен бірге оқуын қамтамасыз етуге болады.

Бүгін мемлекет ата-аналарға оқытудың екі форматын ұсынады - жеке және инклюзивті. Министр қазіргі уақытта ата-аналардың жартысынан астамы оқытудың инклюзивті форматын қалады деп толықтырды, бұл ата-аналар басымдылықтарының балалардың әлеуметтенуіне қарай өзгергенін көрсетеді. Алайда, министр қазіргі тандағы үрдістерді ескере отырып, осындай мектептердің саны өте аз деп санайды, бірақ "білім беру ұйымы өзін инклюзивті деп жариялап, онда арнайы жағдай жасалмаған кездегі механикалық инклюзияға толық қарсымын" деп айтты.

Васильеваның айтуынша, сапалы білім үшін материалдық-техникалық, сәулет және кадрлық жағдайлармен қатар, баланың жағдайын ескеретін жеке оқыту үрдісі талап етіледі.

Links

[1] <http://ug.ru/news/22207>